

Мемлекеттік заңды тұлғалар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне функционалдық шолулар жүргізу жөніндегі әдістемені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2026 жылғы 15 маусымдағы № 71 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 107-3) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік заңды тұлғалар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне функционалдық шолулар жүргізу жөніндегі әдістеме бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік активтерді басқару саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін жіберуді және ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Ұлттық
экономика министрі

С. Жумангарин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі
2026 жылғы 15 маусымдағы
№ 71 бұйрығымен
бекітілген

Мемлекеттік заңды тұлғалар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне функционалдық шолулар жүргізу жөніндегі әдістеме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік заңды тұлғалар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне функционалдық шолулар жүргізу жөніндегі әдістеме (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 107-3) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік заңды тұлғалар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне функционалдық шолулар жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Әдістемеді мынадай терминдер пайдаланылады:

1) басқару органы – акционерлік қоғам (жауапкершілігі шектеулі серіктестік) акцияларының мемлекеттік пакетін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) иелену және пайдалану құқығын және/немесе мемлекеттік заңды тұлғаларды басқаруды жүзеге асыратын, ұйымның қызметіне салалық (ведомстволық) функционалдық шолу жүргізуге жауапты тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты;

2) даму жоспары – мемлекеттік кәсіпорынның, акцияларының бақылау пакеті (жарғылық капиталға қатысу үлесі) мемлекетке тиесілі акционерлік қоғам мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қызметінің негізгі бағыттарын және қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін айқындайтын бесжылдық кезеңге арналған құжат;

3) қайталанатын қызмет түрлері – мазмұны ұқсас және өзара байланысты, бірнеше ұйым не мемлекеттік заңды тұлғалар орындайтын қызмет түрлері;

4) қызметтің тән емес түрі – ұйымның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келмейтін, Жарғыда көзделмеген қызмет түрі;

5) мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық жасау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген шарттарда республикалық мүлікке қатысты құқықтарға ие орталық атқарушы орган немесе орталық атқарушы органның ведомствосы;

6) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган – мемлекеттік жоспарлау және стратегиялық, бақылау, іске асыру және реттеу функциялары саласында басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган (бұдан әрі – уәкілетті орган);

7) мемлекеттік заңды тұлғалар және квазимемлекеттік сектор субъектілері (бұдан әрі – ұйым) – денсаулық сақтау, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру, мәдениет және спорт саласындағы

мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, шаруашылық жүргізу не жедел басқару құқығына негізделген мемлекеттік кәсіпорындар, сондай-ақ жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, жалғыз құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері мемлекет болып табылатын акционерлік қоғамдар (ұлттық басқарушы холдингтер мен ұлттық холдингтерді қоспағанда);

8) монополияға қарсы орган – бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында басшылықты, мемлекеттік монополия саласына жатқызылған қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

9) функционалдық шолу – ұйымның функциялары мен штат санын оңтайландыру тұрғысынан талдау құралы;

10) хронометраждық жұмыстар – жедел жұмыстың циклдік қайталанатын элементтері, сондай-ақ дайындық-қорытынды жұмыстың немесе жұмыс орнына қызмет көрсету жөніндегі жұмыстың элементтері зерделенетін байқау түрі.

3. Әдістеменің негізгі мақсаттары:

1) ұйымның қызметі түрлерінің оның қызметінің нысаналары мен мақсаттарына сәйкестігін белгілеу;

2) ұйым қызметінің тән емес түрлерін анықтау;

3) ұйымның қызметі түрлерінің қайталануын болдырмау;

4) ұйым қызметінің жетіспейтін түрлерін айқындау;

5) алдына қойылған мақсаттарды тиімді іске асыру үшін ұйымның штат санының оңтайлы лимитін айқындау болып табылады.

4. Қызметтің тән емес түрлерін анықтау, қайталанатын қызмет түрлерін жою, ұйымның нысанасы мен мақсаттарына сәйкес қызметтің жаңа түрлерін бекіту арқылы әрбір нақты ұйымда қызмет түрлерінің оңтайлы көлемін қалыптастыру қамтамасыз етіледі.

5. Ұйымға функционалдық шолу мынадай жағдайларда:

1) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының тапсырмасы бойынша;

2) ұйымның функциялары мен штат санын оңтайландыру тұрғысынан талдау үшін басқару органының шешімі бойынша, бірақ кемінде 5 (бес) жылда бір рет;

3) бөлу, бөліп шығару арқылы ұйымды қайта ұйымдастырған жағдайда;

4) штат саны ұйымның даму жоспарында көзделген жұмыскерлердің жалпы санынан 20 (жиырма) және одан астам пайызға ұлғайған кезде жүргізіледі. Ұйымның бекітілген штат санының 5 (бес) пайызынан астамы бос жұмыс орындары болған жағдайда штат санын ұлғайту жөнінде сұрау салу қаралмайды.

6. Осы Әдістеменің 5-тармағында көзделген жағдайлардың бірі туындаған кезде басқару органы ұйымға функционалдық шолу жүргізеді.

7. Егер ұйым бірнеше салада (аяда) функцияларды іске асырған жағдайда, функционалдық талдау тиісті саланың уәкілетті органдарының өкілдерін тарта отырып жүргізіледі.

2-тарау. Мемлекеттік заңды тұлғалар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне функционалдық шолу жүргізу үшін ақпарат жинау

8. Функционалдық шолу жүргізу шеңберінде басқару органы талдауға тиіс ақпарат мыналарды:

- 1) мемлекеттік орган мен ұйымның қызметін регламенттейтін заңнамалық актілердің тізбесін;
- 2) ұйымның, оның еншілес және тәуелді ұйымдарының, филиалдары мен өкілдіктерінің ережелерін немесе Жарғысын (болған жағдайда);
- 3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын;
- 4) ұйым қызметінің нәтижелерін құрылтайшының (акционердің) тыңдауы туралы есептерді;
- 5) статистикалық деректерді, шетелдік жұмыс тәжірибесін, отандық салалық сарапшылардың зерттеулерін, салыстырып талдау жүргізу үшін халықаралық ұйымдардың есептерін қамтитын сыртқы көздерден алынған ақпаратты;
- 6) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1095 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) енгізілген ұйым қызметінің түрлері туралы мәліметтерді қамтиды.

9. Осы Әдістеменің 8-тармағында көзделген ақпаратты жинау нәтижелері бойынша басқару органы функционалдық шолу жүргізу туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жиынтық кестені және осы Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік заңды тұлғаның/квазимемлекеттік сектор субъектісінің зерттеліп отырған қызметі түрлерінің тізбесін қалыптастырады.

3-тарау. Функционалдық шолулар жүргізу

10. Басқару органы мыналарды:

- 1) ұйымның құрылтай құжаттарын және қаржы-шаруашылық қызметін (өнімнің (көрсетілетін қызметтердің) өзіндік құнын, негізгі және негізгі емес қызметтен түсетін кірістердің арақатынасын, инвестицияларды) бағалауды;
- 2) ұйымның нақты қызметінің ұйымның құрылтай құжаттарында, заңнамалық және құқықтық актілерде айқындалған мәлімделген міндеттер мен құру мақсаттарына сәйкестігін;

3) даму жоспарларының және (немесе) іс-шаралар жоспарларының орындалуын бағалауды;

4) жүзеге асырылатын қызмет түрінің даму жоспарының және (немесе) іс-шаралар жоспарының нысаналы индикаторына әсерін;

5) ұйымның қызметі түрлерінің Тізбеге сәйкестігін;

6) әрбір құрылымдық бөлімше және персонал лауазымы бойынша функцияларды түгендеуді, қызметкерлердің өз мақсаттары мен міндеттерін орындауға жұмсайтын уақытын есептеу және бақылау мақсатында тиісті құзыретке ие уәкілетті лауазымды адамдар жүргізетін жұмыс уақытының хронометражын қамтитын талдау жүргізеді.

Жұмыс уақытының хронометражын жүргізу әрбір қызметкердің функционалдық жүктемесін көрсетуге және қызметкерлер жұмысының тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында бизнес-процестің сапасын жақсарту және жаңғырту жөнінде тиісті шаралар қабылдауға мүмкіндік береді;

7) қайталануды, басқарудың артық деңгейлерін және оларды жою жөніндегі ұсыныстармен функцияларды бөлудегі олқылықтарды анықтауды;

8) нормативтердің Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1036 бұйрығымен бекітілген Қызметтің барлық саласы үшін еңбек жөніндегі бірыңғай салааралық немесе салааралық үлгілік немесе үлгілік еңбек нормалары мен нормативтерді немесе ұйымдардың еңбек жөніндегі үлгілік нормалары мен нормативтерін әзірлеу, бекіту, ауыстыру және қайта қарау қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12736 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1037 бұйрығымен бекітілген Көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін) мемлекеттік реттеу енгізілетін ұйымдарда еңбек нормаларын, ұйымдар жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі бойынша өлшемдерді ұсыну, қарау және келісу қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12659 болып тіркелген) айқындалған қызметтің барлық саласы үшін еңбек жөніндегі бірыңғай салааралық, салааралық үлгілік немесе еңбек жөніндегі үлгілік нормалар мен нормативтерге сәйкестігін қамтитын талдау жүргізеді.

11. Ұйымның қызмет түрлерін талдау ұйымның қызмет түрлерінің тікелей нәтижелерін оның ережесімен, ұйымның даму жоспарымен салыстыруға, сондай-ақ мемлекеттік органның даму жоспарымен салыстыруға негізделеді.

12. Жүргізілген функционалдық шолуды ескере отырып, ұйымға функционалдық шолу жүргізу туралы шешім қабылданған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде мыналар:

1) қызметтің тән емес түрлері, қызметтің қайталанатын түрлерін жою, ұйымның қызметінің нысаналары мен мақсаттарына сәйкес қызметтің жаңа түрлерін бекіту,

қызметтің, оның ішінде ұйым жүзеге асыратын тән емес және оның Жарғысына қосылмаған түрлерін алып тастау, сондай-ақ жарғыдан монополияға қарсы органның келісімі алынбаған және Тізбеде жоқ қызмет түрлерін алып тастау

- 2) іс жүзінде ұйым іске асыратын қызмет түрлерін құқықтық регламенттеу;
- 3) ұйымның оңтайлы штат саны бойынша ұсыным дайындалады.

13. Осы Әдістемеге сәйкес жүргізілген ұйым қызметінің функционалдық шолулары негізінде алынған нәтижелер ұсынымдық сипатта болады.

14. Басқару органы ұсынымдар дайындалған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізілген функционалдық шолудың қорытындыларын монополияға қарсы органға, еңбек жөніндегі уәкілетті органға және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

15. Басқару органы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен функционалдық шолу жүргізілген жағдайда ұйымдастырушылық құрылымы мен штат кестесін түзету мақсатында ұйымның жарғысына, даму жоспарына өзгерістер енгізеді.

Мемлекеттік заңды тұлғалар
мен квазимемлекеттік сектор
субъектілерінің қызметіне
функционалдық шолулар жүргізу
жөніндегі әдістемеге
1-қосымша
Нысан

Жиынтық кесте

				Қызмет түрлерін тұтынушылар (алушылар) / тапсырыс беруші мемлекет (мемлекеттік органның, құрылымдық бөлімшенің, ведомствоның, ведомстволық бағынысты ұйымның саны мен	Қаржыландыру көзі (республикалық бюджет, жергілікті бюджет, көрсетілетін қызметті алушылардың есебінен (	Қызмет түрін іске асыру тәртібінің егжей-тегжейлі сипаттамасы (функция
--	--	--	--	---	--	--

Ұйымның нысанасы, міндеттері м е н мақсаттар ы	Ұйымның қызмет түрлері	Ұйымның қызметін реттейтін нормативт і к құқықтық актілер	асыратын құрылымд ы қ бөлімше (к нақты орындауш ылардың атауы/ штаты/ саны) не қызмет түрін бәсекелес орта жүзеге асырады (і) функция ы нақты орындауш ылардың атауы/ беру тәсілі /штаты/ саны)	атауы көрсетілед і); кәсіпкерлі к қызметпен байланыст ы емес азаматтар (аумақтық қамту, жасы, әлеуметтік мәртебесі көрсетілед і) кәсіпкерлі к қызметпен байланыст ы емес ұйымдар (ұйымдық- құқықтық нысаны көрсетілед і); кәсіпкерлі к субъектіле рі (ұйымдық- құқықтық нысаны және аумақтық қамтылуы, Экономик алық қызмет түрі көрсетілед і);	көрсетілет і н қызметтің құнын, өзге де көздерді көрсету (нақты қайсысы екенін көрсету) Егер қызмет түрлерін бәсекелес орта орындаған жағдайда, онда: ұйым қызметін жылдық қаржылан дыру; жылына бәсекелес ортадан қызметтер ді сатып алу құны көрсетілед і;	ы іске асыру үшін қажетті іс-шаралар ды н қысқаша, кезең-кезе ңімен сипаттама сы) егер Қазақстан Республик асының нормативт і к құқықтық актісінде функция ы іске асыру тәртібі регламент телген жағдайда, онда оның атауы қосымша көрсетілед і;	Қызметті жүзеге асырудың түпкілікті нәтижесі
Қызметтің нысанасы							
1-міндет	1-қызмет түрі		1- бөлімше				
1-мақсат							
1 - нысаналы индикатор							
			2-бөлімше				

Мемлекеттік заңды тұлғалар
мен квазимемлекеттік сектор
субъектілерінің қызметіне
функционалдық шолулар жүргізу
жөніндегі әдістемеге
2-қосымша
Нысан

**Зерттелетін мемлекеттік заңды тұлғаның/квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметі
түрлерінің тізбесі**

№	Тиісті заңнамалық актіден зерттелетін мемлекеттік органның функциясын тұжырымдау	Функцияны белгілейтін нормативтік құқықтық актінің атауы (бапты, тармақты көрсете отырып)	Зерттелетін мемлекеттік орган, оның ведомстволары, аумақтық органдары туралы ережелерден зерттелетін мемлекеттік органның функциясын тұжырымдау	Функцияны белгілейтін ереже (тармақты көрсете отырып)
1				
2				
...				
Іс жүзінде іске асырылатын және оның даму жоспарында көзделген ұйымдардың міндеттері мен мақсаттарының орындалуына ықпал етуді қамтамасыз ететін қызмет түрлері				
1				
2				
...				
Іс жүзінде іске асырылатын, бірақ ұйымның даму жоспарында көзделген оның міндеттері мен мақсаттарын орындауға әсер етуді қамтамасыз етпейтін қызмет түрлері				
1				
2				
....				
Іс жүзінде іске асырылатын, бірақ қолданыстағы заңнамада көзделмеген қызмет түрлері				
1				
2				
....				